

Қомыссия №4
Бекітемін:
«Абай атындағы №2 мектеп-
лицейі» КММ директоры
К.Т.Рахимберлина

« 1 » 2021 жыл

«Абай атындағы №2 мектеп-лицейі» КММ-дегі Кәсіптік бағдар беру Кеңесінің Ережесі

1. Кәсіби бағдар беру жұмысының мақсаты мен міндеттері

Кәсіби бағдар берудің негізгі мақсаты – оқушылардың мамандық таңдау үдерісінде тұлғаның қызығушылығы мен қабілетін еңбек нарығындағы қажеттіліктерді ескере отырып онтайландыру.

Міндеттері:

- Жас ерекшеліктеріне сәйкес оқудың барлық кезеңдерінде оқушыларды кәсіби ақпараттандырудың жүйелілігі.
- Оқушылар саналы түрде таңдау жасауы үшін оқу бағыты мен болашақ мамандығының қызметі аясында жағдай жасау.

2. Жалпы білім беретін мекемелердегі кәсіби бағдар жұмысының алгоритмі

1. Мектептегі кәсіби бағдар беру жұмысы жөніндегі ережені зерттеп дайындау.

2. Бұйрық бойынша кәсіби бағдар беру жұмысына жауаптыларды тағайындау.

3. Кәсіби бағдар беру жұмысы бойынша кеңес құруды ұйымдастыру, әзірлеме ережесін жасау.

4. Аймақтағы қажеттіліктер мен мекемелер (мектептер) бағытын ескере отырып кәсіби бағдар беру кабинеттерін безендіру (1-қосымша).

5. Оқу орынын бітіруші түлектердің кәсіби таңдауы жайында талдау жасау.

6. Кәсіби бағдар беру қызметіндегі әлеуметтік серіктестіктердің тізімін құрастыру.

7. Мектептегі жалпы достардың бір бөлігі болатын оқу жылына арналған кәсіби бағдар беру жұмысының жоспарын әзірлеу.

8. Біріккен түрде іске асатын іс-шаралар (экскурсия, кәсіби сынақтар, ТжКБ бөлімдеріндегі ашық есік күндері, шеберлік-сыныптар, байқаулар және т.б) жоспарын құрып, әлеуметтік серіктестер және аудандық, немесе қалалық білім бөлімдерімен бекіту.

9. Кәсіби бағдар беру бойынша сынып сағаттарының тізімін әзірлеу.

10. Кәсіби бағдар беру бойынша мобильдік құрылғы «Мамандықтар навигаторы» бағдарламасы бойынша іс-шаралар өткізу.

11. Мектептегі кәсіби бағдар беру жұмыстарың нәтижелілігі жөнінде өлшемдерге сәйкес мониторинг жүргізу.

Қосымша жұмыс түрлері:

Оқу үдерісіндегі барлық субъектілердің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке алып, кәсіби бағдар жұмыс жоспары негізінде сыныппен бірге жұмыс жоспарын құрастыру.

3. Мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылатын кәсіби бағдар беру жұмыстары

Кәсіби бағдар беру жұмысы барысында міндетті түрде оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке алған дұрыс. Бастауыш, негізгі және жоғары сыныптарда оқу түрін ұйымдастыру әр түрлі сатыда көрініс табуы тиіс. Жеке тұлғаның ерекшеліктерін есепке ала отырып, оқу үрдісінің барлық кезеңінде психологиялық тұрғыдан сүйемелдеу, кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру уақытындағы негізгі қалыптың бірі болып саналады. Бұл оқушыға саналы түрде болашақ мамандығын таңдауға көмектеседі. Оқушылардың психологиялық және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, мектептегі кәсіби бағдар беру жұмысының төмендегідей кезеңдері мен мазмұны ұсынылады:

1-4 сыныптар. Бұл кезеңде бастауыш сынып оқушыларының еңбекке деген құнды ой пікірлері қалыптасып, мамандықтың қоғам және адам өміріндегі маңызын түсінеді, оқу-танымдық қызығушылықтары дамып, балалар, әр түрлі мазмұндағы іс-шараларға қатысады.

5-7 сыныптар. Оқушылардың жеке тұлға ретінде кәсіби қызметке деген қызығушылықтарының дамуы; өзіндік «мен» қалыптастыру; техника, өнер медицина, ауыл шаруашылығы экономика, мәдениет тәрізді әр алуан салалардағы әлеуметтік – кәсіби тәжірибенің алғашқы жетістіктері, олардың жеке мүмкіндіктері мен талаптарын ашуға мүмкіндік беретін кәсіби сынамалардың орындалуы жатады.

8-9 сыныптар. Факультативтік сабақтар мен элективті курстар негізінде білім саласындағы сұраныстарды анықтау; бағыт таңдауда көмек көрсету мақсатында топтық және жеке түрдегі кеңестер беру жұмыстары жатады.

10-11 сыныптар. Өзіндік дайындық және өзін-өзі дамыту әрекеттері бойынша оқыту; таңдаулы еңбек түріне деген кәсіби сапаның қалыптасуы, кәсіп туралы жоспарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу; таңдалған қызмет түріне дайындық жасау.

Кәсіби бағдар беру жұмысының әр кезеңінде оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, міндетті түрде сынып сағаттарын өткізу ұсынылады.

1-7 сыныптардағы кәсіби бағдар жұмысы (бірінші кезең) белсенді ізденушілік кезең болып табылады. Бұл кезең алғашқы кәсіби таңдаудың баспалдағы болып есептеледі. 1-4 сынып мұғалімдерінің мақсаты – оқушылардың қабілеті мен қызығушылығын дамыту, баланың кәсіби таңдаудағы, қажеттіліктерін қалыптастыру. 5-7 сынып оқушылары үшін үйірмелер мен қосымша сабақтар санын арттыра түсіру, сонымен қатар

оларды ұжымдық шығармашылыққа тартып, кәсіби мамандар және ата-аналармен кездесулер ұйымдастыру қажет.

Мұнан өзге 1-сыныптан бастап, жетістік портфолиосын жасау ұсынылады. Кәсіби бағдар бойынша 1-сыныптан бастап жинақталған материалдар оқушыға мектептен қанат қаққанға дейін бастама болады, тіпті кейде сол бастама қабылдау комиссиясына да алып баруы мүмкін.

Жалпы мектептегі қызмет атқарушының бағыт басымдылығы тұлғаның кәсіби сынама арқылы анықталады (*«Кәсіби сынама кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықтап жетістікке жетудің басты кепілі» құрастырушы Койлыбаева С.А. 2014-ж*). Кәсіби сынама жұмыстарын 5-6 сыныптарда өткізу керек.

Кәсіби сынама – бұл нақты кәсіби қызмет түрінің элементтерін модельдейтін, саналы түрде маман таңдауға бейімдейтін кәсіби сынақ.

Кәсіби сынама кезіндегі тәжірибелік тапсырмалар – өндірістік оқыту шеберлері мен оқытушылардың бірлескен жұмысының нәтижесінде жүзеге асырылады. Тәжірибелік тапсырмаларды өткізу үшін мектептер мен колледждердің материалдық базасы пайдаланылады. Кәсіби бағдар берудің қорытындысы болып саналатын кәсіби сынама кәсіби қызмет түрінің нақты сипатын байқатады.

8-9 сынып оқушыларына арналған (белсенді-ізденушілік) екінші кезең.

Мұғалімнің мақсаты – әр жеткіншек өзін кәсіби және жеке тұлға ретінде анықтауы үшін нақты міндеттер қойып, белгілі бір тұжырымға келуге көмектесу. Жалпы білім беретін мектептің 9-сынып оқушыларын психологиялық, педагогикалық сүйемелдеумен қамтамасыз ету. Бұл кезеңде, сынып сағаттарында мамандық әлемімен, негізгі және орта кәсіби білім беретін оқу орындарымен, еңбек нарығындағы нақты жағдаяттармен таныстырып, оқу бағытын таңдауына жердем беру түрлері ұсынылады. Сонымен қатар ерекше қарым-қатынас пен назар аударуды талап ететін жеткіншекпен жеке жұмыс түрін жүргізіп, тақырыпқа сай ата-аналар жиналысын өткізіп, каникул уақытында алғашқы кәсіби сынама жұмыстарын жүргізу арқылы жұмысқа тартқан жөн.

Үшінші кезең – 9,10-11 сынып оқушыларының кәсіби тұрғыдан өзін-өзі анықтауымен ерекшеленеді. Педагогтың негізгі міндеті – аймақ бойынша еңбек нарығындағы сұранысты, оқушының жеке қабілеті мен денсаулық жағдайын ескере отырып, мектеп бітіруші түлекті дұрыс мамандық таңдауға, өмір жолында таңдалған мамандығы негізінде жетістікке жететіндей етіп дайындау.

8-9 сыныптарда кәсіби бағдар жұмысына кіріспе-дайындық өткізіп, ал 10-11 сынып оқушыларына кәсіби сыныптарда арнайы пәндерді міндетті түрде тереңірек оқыту керек болып табылады.


4. Мектептерде кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру механизмі.

Кәсіби бағдар беру – мектептегі тәрбие үдерісінің бір бағыты. Кәсіби бағдар беру жұмысының шешімі оқушылардың әр түрлі жұмыс түрлері (танымдық, ойын, жалпы пайдалы, тілдік қатынас) арқылы көрініс табады.

Кәсіби бағдар беру жұмысын жүргізу кезінде сынып жетекшілері ата-аналармен қоса, технология пәнінің мұғалімдері, әлеуметтік педагогтар, психологтар, жеке пән мұғалімдері, кітапханашылар мен медициналық қызметкерлер де белсенді қатысады. Кәсіби бағдар беру іс-шаралары кәсіпорындар, халықты жұмыспен қамту орталықтары, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары жоғарғы орындарының қатысуымен өткізіледі.

Оқушылардың кәсіби бағдар беру кеңесінің құрамына: сынып жетекшісі, технология пәнінің мұғалімдері, әлеуметтік педагогтар, психологтар, жеке пән мұғалімдері, кітапханашылар, медициналық қызметкерлер, ата-аналар комитетінің өкілдері кіреді.

Кәсіби бағдар беру жұмысының ішкі саласы



Оқушылардың кәсіби бағдар беру кеңесі

1. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары мектептегі кәсіби бағдар беру қызметін бақылайды. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының міндеттері:

- кәсіби бағдармен айналысушы оқушылар үшін мектеп пен әлеуметтік серіктестер арасындағы байланысты қолдау;
- оқушылардың кәсіби дайындығының қалыптасуы жайындағы педагогикалық ұжымның жұмыс жоспарын құру;
- аталған бағыт бойынша педагогикалық ұжымның талдау жасауын және өзгертулер енгізу қызметін ұйымдастыру;
- әлеуметтік педагогтың, технология пәні мұғалімінің, пән мұғалімдерінің, кітапханашының, сынып жетекшілерінің құзіреттілігін көтеру жұмыстарын және семинарлар ұйымдастыру, әдістемелік және педагогикалық кеңестер арқылы оқушылардың дұрыс таңдау жасауын қадағалау.
- оқу үдерісіне портфолио енгізіп, жұмыстың орындалуын қадағалау.

2. Әлеуметтік педагог кәсіби бағдар беру туралы ақпарат жинап, кәсіби бағдар беру кабинетіне жетекшілік етеді. Негізгі жұмыс бағыттары:

- мамандық әлемі жайында дәрістер және семинарлар арқылы оқушылардың білімін кеңейту;

- колледждер, жоғары оқу орындары мен жұмыс берушілер өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру;
- кәсіпорындарда, техникалық және кәсіби білім беретін оқу орындарында экскурсия өткізу жоспарын бекіту;
- әлеуметтік және аймақтағы сұраныс жайындағы сұрақтар төңірегінде оқушылар мен олардың ата-аналарына кеңес беру;
- әлеуметтік жағдайы төмен оқушылардың өмірлік қиындыққа кезігіп, кәсіби және өмірлік мәні бар таңдау жасауы кезінде дұрыс шешім қабылдауы үшін педагогикалық көмек көрсету арқылы қолдау;
- оқушының жеке мансапқа жетуі үшін жасалатын стратегиялық жоспар құруына көмек көрсету;
- кәсіби бағдар беру жұмысын өткізу үшін, ақпараттық стендтерді рәсімдеу;
- мамандық туралы бейнефильмдер топтамасын және аймақтағы мамандарға сұраныс жөнінде анықтамалық материалдар топтамасын құру;
- мектептегі кәсіби бағдар беру жұмысының нәтижелілігі жөнінде мониторинг жасау;
- кәсіби бағдар беру жұмысына портфолио жасау құрылымын енгізу және оны басқару.

3. Технология пәнінің мұғалімінің қызметі:

- психологиялық-физиологиялық және жас ерекшеліктерін ескере отырып оқушыларды мамандық әлемімен таныстыруды жүзеге асыру;
- қаражат және еңбек нарығы, кәсіби сала жөнінде алғашқы ақпараттар легін беру;
- еңбек нарығының сұранысқа ие мамандықтары және өнеркәсіптің дамыған салаларымен таныстыру;
- жарияланған мамандықтың талаптары жөніндегі ақпаратпен таныстыру;
- бастауыш кәсіби дағдылардың технология пәні арқылы қалыптасуы үшін көмек көрсету;
- өндірістік экскурсияларға қатысу;
- оқушының жеке тұлғасын есепке ала отырып, оны ынталандыру арқылы кәсіби тұрғыдан өзін-өзі анықтауына бағдар беру;
- өндірістегі өрт қауіпсіздігі және еңбек ережелерін дұрыс орындауды қаншалықты мәні бар екенін оқушыларға көрсетіп, түсіндіру.

4. Пән мұғалімдері: Оқушылардың танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қабілетін әр түрлі әдістер және құрылымдар арқылы (жоба жазу қызметі, іскерлік ойындар, семинарлар «дөңгелек үстелдер», конференциялар, пәндік олимпиадалар, қосымша сабақтар, байқаулар, қабырға газеттері, шығармалар) арқылы дамыту.

- кәсіби бағдар беру жұмысына бағытталған қызмет түрлерімен қамтамасыз ету;

- оқушылардың жалпы еңбектік, кәсіби маңызды дағдыларын қалыптастыру;
- оқушылардың өзін-өзі баламалы бағалау жүйесін қалыптастыру;
- сыныптың бағыты бойынша оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, бағыттық жоспарларға бейімдеу;
- техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары мен жоғары оқу орындары бірлескен түрде ғылыми-практикалық қызмет түрін ұйымдастыруы.

5. Мектеп кітапханашысының қызметі:

- оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, кәсіби бағдар беру бағытындағы әдебиеттерді іріктеп, таңдауда, пән мұғалімдері мен сынып жетекшілеріне ақпараттық қолдау көрсету;
- оқырман оқушылардың қызығушылығын анықтап, кәсіби бағдар жасауына көмектесетін әдебиеттер тізімін ұсыну;
- мамандық жайында әр сала бойынша кітап көрмелерін ұйымдастыру (машина құрылысы, көлік, құрылысы, өнер әлемі және т.б.);
- кәсіби бағдар беру бағытында оқырмандар арасында конференциялар мен пікірталастар өткізу;
- кәсіби бағдар беру кабинетінің жұмысына көмек көрсету.

6. Мектеп психологының қызметі:

- оқушының кәсіби тұрғыда тұлға ретінде қалыптасуы үшін психологиялық сүйемелдеу;
- оқушының кәсіби қызығушылығы мен бейімділігін зерттеу;
- оқушылар мен ата-аналарға арналған сауалнама арқылы оқушының қандай бағыттағы мандыққа дайын екенін анықтайтын мониторинг жасау;
- кәсіби бағдар беру диагностикасының нәтижелерін пайдалана отырып, оқушылардың жеке кәсіби бағдар картасын құрастыру;
- мектеп жасындағы жеткіншектерге арнап, кәсіби бағдар тренингтерін өткізу;
- таңдалған мамандық тақырыбында байланысты мұғалімдер мен ата-аналарға психологиялық білім беру жұмысын жүргізу;
- жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, оқушыларға кәсіби кеңестер беру;
- кәсіби бағдар беру диагностикасы негізінде құрылымдық базаны қалыптастыру;
- бағыт жүйесін өрістету бойынша ұсыныстар жазылған сараптаманың анықтамалар дайындау.

7. Сынып жетекшісінің қызметі:

- мектептің тәрбие жұмысын жоспары және білім бағдарламасына сүйене отырып, оқушының кәсіби бағдарын анықтау үшін педагогикалық қолдау түрлерін дайындау;

- мектеп оқушыларының танымдық және шығармашылық белсенділігін арттыру;

- оқушыларға өздерінің мамандықтары жөнінде ақпарат беру үшін мектепке ата-аналарды шақыру;

- кәсіби бағдар беру төңірегінде жекелей және топтық түрдегі сұхбаттасулар, конференциялар ұйымдастыруға көмектесу;

- оқушыларға өздерінің портфолиосын құрастыруға, жетісіктерін талдауға кәсіби қалыптастыруға, бағыт бойынша білім нұсқаларын моделдеуге көмектесу;

- оқушыларды жоғары оқу орындарын мен колледждердегі ашық есік күндеріне қатыстыруға көмектесу;

- оқушылардың өндірісте өтетін тақырыптық және кешенді экскурсияларын ұйымдастыруға көмектесу;

- кәсіби таңдау жасап үлгерген мектеп түлектерімен оқушыларды пікірлестіру мақсатында кездесулер ұйымдастыру;

- кәсіби бағдар беру мәселесі жөнінде оқушылар мен ата-аналарға арналған сауалнама жүргізуде мектеп психологына көмектесу;

- оқушының кәсіби анықталу мәселелерді талқылау үшін ата-аналар жиналысын өткізу.

8. Медициналық қызметкердің қызметі:

- оқушыларды салауатты өмір салтын қалыптастыруға бейімдеу;
- оқушының мамандықты игеруі үшін физикалық мүмкіндіктерін анықтау;

- оқушылардың денсаулығы туралы мониторинг жүргізу;

- адам денсаулығы мен кәсіби мансаптың өзара байланысты туралы әңгіме жүргізу;

- кәсіби бағдар берудегі іс-шараларда әлеуметтік педагог, сынып жетекшісі, мектеп психологы және кітапханашыға сонымен қатар мамандық таңдаушы оқушыларға өздерін еркін сезінуге көмек көрсету.

5. Кәсіби бағдар жұмысы тиімділік нәтижесінің өлшемдері

Өткізілген іс-шаралардың тиімділік нәтижелерін келесі өлшемдермен анықтайды:

- білім бөлімдерінде кәсіби бағдар беру жоспарының болуы;

- кәсіби бағдар берудегі ақпараттық мәліметтердің болуы (бағыт бойынша стендтер: мамандық әлемі, білім беретін қызметтің нарықтағы мүмкіндіктері, еңбекте тұтынуы, еңбек шарттары мен төлемі және т.б);

- оқушыларға кәсіби бағдар беру іс-шараларына қатысу (конкурстар, конференциялар және т.б);

- мектептегі кәсіби бағдар беру іс-шараларына қатысу (конкурстар, конференциялар және т.б.);
- мектептегі кәсіби бағдар беру іс-шараларына оқушылардың ұатысуын қамту;
- ТЖКББ,ЖОО және кәсіпорындар (кездесу, экскурсия, кәсіби сынама, ТЖКО және ЖОО ашық есіктеріне т.б.) оқушылардың бірге өткізген іс-шараларға белсенді қатысуын қадағалау;
- кәсіби бағдар беру нәтижелігінің мониторингі;
- мектептегі кәсіби бағдар беру жұмысы туралы ақпараттардың сайтта болуын қадағалау.

Мектептегі кәсіби бағдар беру кабинеті

I. Жалпы ереже

1. *Кәсіби бағдар беру кабинеті* – білім беретін мекемелерде кәсіби бағдар беру жұмысын әдістемелік тұрғыдан ұйымдастырып кеңес және ақпарат беретін орталық болып табылады. Сонымен қатар оқушылардың кәсіптік бағыттарын дамытуда іс-шаралар ұйымдастырып, өткізу үшін аранайы жабдықталған сынып бөлмесі.

2. Кәсіби бағдар беру кабинеті қызметінің негізгі мақсаты – ата-аналар мен оқушыларға арналған әдістемелік кәсіби бағдар беру негізіндегі жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу, сонымен қатар оқушыларды аудио және бейнефильмдер арқылы мамандық әлемімен таныстыру.

3. Негізгі міндеттері:

- ата-аналар мен оқушыларды кәсіби бағдар беру туралы ақпараттандыру;
- кәсіби жүйе – оқушылардың кәсіби таңдаудағы дәлелін және мүмкіндіктерін, қызығушылықтарын қалыптастыруға ықпал ету;
- оқушыларды мамандық таңдаудағы қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктері мен нарық қажеттілігін есепке алып дайындау;
- оқушыларды ТЖКО және ЖОО мамандық алудағы шарттармен таныстыру;
- жоғары сынып оқушыларының мамандық таңдаудағы жеке ерекшеліктерін диагностикалау;
- мектеп бітіруші түлектерге таңдаған мамандықтарын жөнінде кәсіби тұрғыда өмір жолдарымен ұштастыра отыра әдістемелік көмек көрсету;
- оқушыларды өндірістік кәсіпорындардағы экскурсия мен ТЖКО мен ЖОО өткізетін «Ашық есік күндеріне» қатыстыру;
- кәсіби бағдар беру бойынша оқушылардың қызығушылықшықтарын, ерекшеліктерін және бейімділігін әрі қарай дамытуда педагогикалық ұжымға әдістемелік көмек көрсету;
- мамандық таңдауда ата-аналарға кеңес;
- оқушыларға, мұғалімдерге, ата-аналарға педагогикалық және психологиялық білім беру.

II. Кабинеттің мазмұны мен ұйымдастыру жұмыстары

1. Мектеп директорының бұйырығымен кабинет меңгерушісі болып әлеуметтік педагог тағайындалады.

2. Кабинет меңгерушісі кәсіби бағдар беру жұмысын өткізу үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз етеді, кабинетті бақылауды жүзеге асырады.

Оқушыларды мен ата-аналарға арналған жұмыс түрлерін ұйымдастыру:

- оқушылардың жеке ерекшеліктерін қазіргі әдіс, тәсілдерді қолдану арқылы кәсіби бағдар беру курстарын өткізу;

- еңбекпен қамтылу мүмкіндіктері және мамандық алу жолдары туралы, аймақтық нарық еңбегінің қажеттілігі жайында ақпараттандыру;
- әлеуметтік-медико-психологиялық қызметпен бірге баулу, мамандық таңдауда жеке және ұжымдық кеңстер беру;

- кәсіби бағдар беру және әлеуметтік еңбекке бейімдеу;
- мекеме қызметкерлерімен, кәсіптік білім беру ұйымдарымен, кәсіпорын мамандары және басшыларымен кездесу ұйымдастыру;

Педагогикалық ұжыммен ұйымдастыралатын жұмыс түрлері:

- кәсіби бағдар беру жұмысын педагог-ұйымдастырушыларға, пән мұғалімдеріне, сынып жетекшілерге үйлестіру;

- оқушылардың кәсіптік бағыт үшін ұйымдастырушылық және әдістемелік көмек көрсету;

- кәсіби бағдар беру аясында жалпы білім мекемелерінде, ТЖКБ, ЖОО және кәсіпорындарда ынтымақтастықты нығайту.

- Кәсіби бағдар беру аясында жалпы білім мекемелерінде, ТЖКБ, ЖОО және кәсіпорындарда ынтымақтастықты нығайту.

III. Кабинетті құру талаптары:

1. Кабинет білім мекемесінің бір оқу кабинетінде немесе жеке ғимарат ретінде ашылуы мүмкін;

2. Кабинеттегі безендіруді жүзеге асыру үшін, тақырыптың маңыздылығы, көрнекіліктердің тартымдылығы қажет;

3. Кабинетті құру, безендіру, және жабдықтау үшін оқу-өндірістік комбинаты, аймақтық кәсіпорын, жұмыспен қамтамасыз ету орталығы, ТЖКБ және ЖОО қатысады.

IV. Кабинетті жабдықтау:

- оқушыларды кәсіби бағдар беру бойынша ұйымдастыру, ақпараттық және оқу-әдістемелік мәліметтерді орналастыру;

- кабинет кәсіби диагностикалық және оқу-көрнекілік, техникалық оқу құралдары және жиһаздармен жабдықталады;

- кабинеттің ақпараттық және оқу-әдістемелік мәліметтері жүйелі түрде жаңартылып тұрады;

- кабинетінің мүлік, материалдық құндылықтары кабинет меңгерушісінің жауапкершілігінде болады.

V. Стенд тақырыптарының тізбегі:

- мамандықтың түрі мен ерекшеліктері;
- қызметкер және жұмысшы мамандығына қосымша шолу;
- мамандық әлемі туралы ақпарат дерекнамасы (оқушыларды профессиограммамен таныстыру);

- мамандық таңдаудың сегіз қырлы жағдаяты;

- мінез ерекшеліктері;

- нақты және кәсіби салыстырмалы жарамдылық;

- өзін-өзі жетілдірудегі нақты психологиялық алдын ала және салыстыру;
- «Өзін-өзінді таны» (оқушылардың жеке ерекшеліктерін анықтауға арналған тест);
- жеке және топтық кеңес жүргізу кестесі;
- ақпараттық-анықтама кеңес жүргізу кестесі;
- кәсіби бағдар беру жайындағы әдебиеттер.

VI. Ақпараттық мәліметтер:

- оқу орыны туралы мәлімет (мамандықтар тізімі бойынша дайындау, қабылдау шарттары, оқу орынын аяқтағаннан кейін жұмыспен қамту);
- техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының жарнамасы және хабарландырулары;
- мамандық күнтізбесі (кезекті мәлімет, кәсіби мерекемелермен ұшастыру);
- аймақтағы кәсіпорын және мекемелердегі мамандар қажеттілігі, келешектегі әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы ақпарат;
- мамандық әлемі, еңбек ардагерлері туралы мамандықтың кәсіби сызба сипаттамасы, анықтамалық, түрлі шаруашылық салалары туралы ғылыми-көпшілік әдебиет және басқа да әдеби, аудио және бейне мәліметтер;
- аймақтық кәсіпорын үлгілері, макеттер, моделдер, сызбалары, кестелер, технологиялық үдеріс, мекеме және кәсіпорын экономикасы, жұмыстарының мазмұны;

VII. Оқу- әдістемелік мәліметтер:

- кәсіби іс-шаралар сценаріі, мамандық бойынша әңгімелер құрастырмасы, түрлі пәндер бойынша құрастырылған әдістемелік сабақтар, оларды кәсіби бағытпен қамту ұсыныстары, үлгі тақырыбы және кәсіби бағдар беру мазмұны, ата-аналарға және оқушыларға арналған дәрістер;
- ұстаздарға, сынып жетекшілеріне, психологтарға арналған ұсыныстар мен түрлі әдістемелік мәліметтер;
- әдебиеттер;
- кәсіби сабақтарды өткізуге арналған дидактикалық мәліметтер;
- оқушылардың қызығушылығын, бейімділін және психофизиологиялық түрлерін (сауалнама, жауап алу) анықтауға арналған дидактикалық мәліметтер;
- оқушылардың портфолиосы (оқушылардың денсаулығы туралы мәлімет, қызығушылығы, бейімділігі, қоғамдық пайдалы еңбектерге, мектептен, сабақтан тыс жұмыстарға қатысуы).

Кәсіби бағдар беру бағыты бойынша сынып сағаттарының тақырыптары

1-4 сыныптар

1. «Менің қызығушылығымның әлемі»
2. «Барлық мамандық жақсы-өз талғамыңа қарай таңда»
3. «Менің ата-анамның мамандығы»
4. «Маңызды, керекті және түрлі мамандықтар туралы»
5. «Мамандықтың жолы мектептен басталады»
6. «Менің келекшетегі мамандығым жайлы арманым»

5-8 сыныптар

1. Мамандық әлемі «Адам-техника»
 2. Біздің әлемдегі пошта байланысты. «Пошта бәріне керек». Байланыс бөліміне экскурсия.
 3. Мамандық әлемі. «Адамдар әдемі болуы үшін». Шаштараз. Визажист. Сайыс. Шаштаразға экскурсия.
 4. Мамандық әлемі. «Заң күзетінде». Полиция қызметкерлерімен кездесу.
 5. Мамандық әлемі. Кітап көрмесі
 6. Мамандық әлемі. Электрондық көмекшілер.
 7. Біздің уақытымыздағы астрономия. Планетарияға экскурсия.
 8. Мамандық әлемі. «Таразыдағы дәрі», Фармацевпен кездесу.
- «Дәріханаға Экскурсия ».

9-11 сыныптар

1. «Өз-өзіңді таңы!»
2. Мамандық таңдауға қандай факторлар әсер етеді. Сауалнама.
3. Кәсіби бағдар және медициналық кәсіби кеңес
4. Мамандық таңдаудың себептері
5. Мамандықтың психологиялық мінездемесі
6. «Олар біздің мектепте оқыды»
7. «Біздің мектіптің түлектері- мұғалімдер»
8. «Мамандықтың ауқымды болашығы»
9. «Данышпандыққа жету жолдары», «Шығармашылық адамның өмірлік стратегиясы».
10. Еңбек пен шығармашылық өмірдің басты мағынасы.
11. «Өз келешегіңді жетілдір».

Кәсіби бағдар бойынша оқушылардың портфолиосы (кәсіби бағдар бөлімі)

1. Кәсіби бағдар беру бойынша портфолионың жалпы ережесі

Портфолио – оқушының мүмкіндіктерін, жетістіктерін білімділік және мансапқа жету жоспарларын, оқушының бір және бірнеше мамандықты игеруін және жалпы құзыреттілігін дәлелдейді. Оқу мекемесі білім сапасымен қатар еңбек тәжірибесін, тұрмыс еңбегін, саяхат, әлеуметтік тәжірибені және т.б. қоса меңгереді.

2. Кәсіби бағдар беру бойынша портфолионың мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: оқушыларының бағыт-бағдар бойынша жеке жетістіктерін бақылау, бағалау және есепке алу.

Негізгі міндеттері:

- жеке тұлғаның даму траекториясының болжамы;
- жұмыс түрін жоспарлау және ұйымдастыру, мақсат қою, өзіндік білімін қалыптастыруға үйрету;
- оқушының жетістіктері мен талаптарына қарай оқу-тәрбие үдерісін құру;

3. Портфолионың жұмыс тәртібі

Оқушы портфолиосы жұмысының маңыздылығы: әлеуметтік педагог, психолог және сынып жетекшінің бірге атқарған жұмыстарының барысында қарым-қатынас, әріптестік, ынтымақтастық бекиді. Портфолио оқушылардың өзіне деген жауапкершілігін, дербестігін қалыптастырады.

4. Портфолионның құрылымы:

1. Білім мен мансаптың қысқа және ұзақ мерзімдегі картасы (Нысан1);
2. Кәсіби бағдар беру диагностикасы;
3. Оқушылардың қызығушылық сауалнамасы және продиагностикалық картасы (Нысан 2);
4. Кәсіби бағдар беру кеңесінің нәтижесі;
5. кәсіби бағдар беру іс-шараларына қатысушылар мониторингі (Нысан 3);
6. кәсіптік сынамаға қатысушылар мониторингі;
7. оқу-тәрбие іс-шараларына қатысушылар мониторингі (оқушылардың бағытын анықтау үшін-курс, тренинг, еңбек тәжірибе, өзіндік жұмыс, жоба, тәжірибе, зерттеу).